

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_ » \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

« \_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2022 ж. 11 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары  
Р.В. Склярға

## Депутаттық сауал

## Құрметті Роман Васильевич!

Елдегі жағдайға байланысты енгізілген шектеу шаралары алынды. Қазір жұрт қалыпты өмірге оралып, жүк және жолаушылар тасымалы қайта жанданып, ұшақтардың ұшу жүйесі іске қосылды.

Пандемияның уақытында ұшу жиілігі кемінде 1,5 есеге азайғанын ескерсек, қазір еліміздегі ең ірі авиакомпанияларға (Air Astana, SCAT, Qazaq Air) тиесілі рейстердің жиілігі қайта қалпына келтірілді.

Дегенмен, авиарейстердің кешігуі мен кешігу барысындағы көрсетілетін қызметтердің сапасына байланысты халық арасында наразылықтың бар, әлеуметтік желі мен ақпарат беттерінде нақты мысалдар жетерлік.

Айта кетсек, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 51 мыңға жуық рейстің 6735 рейсі кешіктірілген, яғни шамамен әрбір 8-ші рейс кешігіп ұшқан. Ал 2021 жылы ұшқан 68,7 мыңнан астам рейстің 13 мыңға жуығы кешіктіріліп, **әрбір жүйелі рейстің бесіншісі уақытында ұшпағандығы анықталып отыр.** Яки, ұшу рейстері айтарлықтай көбеймесе де, ал **борттардың кешігуі себептері шамамен екі есеге көбейген.**

Мұндай жағдайда әуе компаниялардың жауабы «ауа райының қолайсыздығына» байланысты деп қысқа қайырып, халықты сабырға шақыратыны бар. Оның ішінде «SCAT», «Qazaq Air» әуекомпанияларының **әрбір төртінші рейсінің уақыты кешігіп ұшады.** Сол 2021 жылдың қорытындысы бойынша **12,8 мың кешіккен рейстердің 9045-і борттың кешігіп келуі себеп болса,** ал ең қызығы ауа айының қолайсыздығына байланысты деген тармақ бойынша **небәрі 912 рейс кешіккен.**

Өздеріңіз білетіндей, ішкі рейстердің жиілігін көбейту мен халықтың ұшақпен пайдалану деңгейін арттыру мақсатында, Үкімет тарапынан 2022 жылы 24 бағыттағы рейстерді субсидиялауға 5,9 млрд. қаржы бөлінгенін білесіздер. Ал, **оның ішінде 16 бағыт бойынша 5 млрд. теңге «SCAT»,**

**«Qazaq Air» компанияларына бөлінетінін ескерсек, аталған компаниялардың қандай сапалы қызметтеріне осыншама қаржы бөлінуі тиіс?! Біле білсеңіздер, рейстің кешігуі бойынша смс-хабарламаны арнайы қызмет ретінде ақылы пайдаланамыз. Бұл бір.**

Ал, Қазақстан Республикасының «Әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Заңының баптарына сәйкес, авиакомпанияның кінәсінен рейстерді кешіктіру немесе олардың болмауы кезінде ұсынуға міндетті ыстық тамақ, қонақ үйге орналастыру, көлік трансферті сияқты қызметтерін ішкі рейстерде сапалы ұйымдастырғанын естімеппіз. Тек, БАҚ-ның араласуының арқасында қоғамдық резонанс туындатып ғана тұтынушылар қажетті қызметтеріне қол жеткізіп жатады.

Сонымен қатар, әуекомпаниялардың онлайн тіркеу қызметін көрсетудегі арнаулы ақылы орындардың бағасы бойынша шағымдар жиілеп келеді. Біріншіден, лоукостердегі тегін орындардың өзі автоматты түрде таңдалады. **Екіншіден,** Air Astana компаниясының эконом санаттағы ақылы орындары 15 мың, ал лоукестер саналатын «Fly Arystan» компаниясында 6,5 мың теңгеге дейін жетеді. Осы ретте, ыңғайлылық үшін билет құнының жартысын төлеу қаншалықты әділетті?! Бұл ішкі рейстердегі ыңғайлы орынның құны, ал өзге елден ұшатын уақытта арнаулы орынның бағасы екі есеге артады. Мысалы, Түркиядан «Air Astana» Ұлттық әуе компаниясының ақылы орын қызметі 25 мың теңгені құрайды. Логика қайда?!

Сондай-ақ, уақытында мемлекеттің тікелей қолдауымен ашылған «Fly Arystan» компаниясынан бір жұтым суды 500 теңгеге сатып аласың. Осы жерде, ұлттық әуекомпаниясының лоукостері – қыстың күні қар сатқан, дәрі ішуге су сатқан ертегінің Шықбермес Шығайбайындай көрінеді маған. Әлемде суды ұсыну мәдениеті жаппай қалыптасып келе жатқанын білесіздер. Бүйректен сирақ шығармай, жеті әлемнің суы таусылса да, бір кесе суды тегін беруді ұйымдастыруға болатын шығар?! Оған қоса, лоукестердің саясатына кереғар болатын соңғы билеттер қалған уақытта, оның құнын 5-6 есеге көтеріп сатуды ретке келтіретін уақыт жеткен сияқты.

**Құрметті, Роман Васильевич!** Қорыта айтқанда, жыл өткен сайын қазақ әуеиндустриясының ахуалын еуропалық стандарттарға сай реттеуіміз қажет. Алдағы жазғы демалыс күндерінде, елдің сапар байланысын уақытында сапалы қамтамасыз ету үшін рейстердің кешігуі жиілігін реттеуді қолға алуыңызды сұраймыз. Айналдырған үш әуе компаниясының жұмысын біріздендіретін уақыт жетті деп ойлаймыз.

**Құрметпен, «AMANAT» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**Е.Бейсенбаев  
Ә.Әбсеметова  
Ж.Әшімжанов  
А.Жамалов  
Ю.Жулин  
Ф.Қаратаев  
Г.Нұрымова**